



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық
конференциясының
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
международной студенческой научно-практической
конференции
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН
= ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,
2019. - 157 б.**

ISBN 978-601-7934-80-4

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

– Оқыту процесінде ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану,
Жоғары оқу орындарында патриоттық сананың негізгі жүйесін мына ретте қалыптастыруға болады:

- ҚР рәміздерін құрметтеуге үйрету
- Ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту
- Батыр, қаһарман, елжанды азаматтардың ерлігін үлгі ете отырып, ұлтжанды, намысшыл, ұлттық тілді меңгерген, тарихын білетін патриот тұлға қалыптастыру

Қазіргі кезде «қазақстандық отансүйгіштік» ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдырмайды.

Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, басқа халықтан үйрену керек, ал ең керегі – ұлттық сана қалыптастырып, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу керек. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – 12 сәуір 2017 жыл.
2. Қазақстан Республикасында «Білім беруді және ғылымды дамытудың Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019» жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010жылғы 7 желтоқсандағы №1118 жарлығы.
4. Жалын республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. №5 2018жыл, Б73-75.
5. СегізбайАлмагүл «Туғанжер» тәрбиелейді. Современное образования №4 (108) 2017, 42 бет.

ОТБАСЫ – ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЖЕТЕКШІ ИНСТИТУТЫ

Сәбитбек Жанерке
ПжП мамандығының 1 курс студенті
Шалгимбекова Алия Батырхановна
педагогика кафедрасының аға оқытушысы
aliabatir@mail.ru
Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. «Жастар саясатының басымдықтары Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған «Қазақстан – 2050» стратегиясының түйінді мақсаттарының бірі болып табылады. Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты». Жас

ұрпақтың өз тәжірибесінде әлеуметтенуі — азаматтық қоғамның қалыптасып дамуының, азаматтардың әлеуметтік талғамдылығының алғышарты екенін түсіндіру.

Аннотация

Актуальность. Цель. Приоритеты молодежной политики - Лидер Нации Н.Ә. Назарбаев является одной из ключевых целей Стратегии «Казakhstan – 2050». Во дворце творчества детей и лица, непосредственно наличие стабильного будущего нашей молодежи». Социализация молодого поколения в своей практике-это предпосылки становления гражданского общества, социального самочувствия граждан.

Abstract

Relevance. Goal. Priorities of youth policy - Leader of the Nation N. Ә. Nazarbayev is one of the key objectives of the Strategy "Kazakhstan – 2050". In the Palace of creativity of children and the person, directly existence of stable future of our youth". The socialization of the young generation in their practice is a prerequisite for the formation of civil society, social well-being of citizens.

Түйін сөздер: жастар, әлеуметтендіру, жеке тұлға, отбасы, ата – ана.

Ключевые слова: молодежь, социализация, личность, семья, родитель.

Keywords: youth, socialization, personality, family, parent.

«Жастар болашақтың тұтқасы» демекші, Қазақстан жастарының білімі мен тәрбиесіне көп көңіл бөлуде. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында өзіне деген сенімі мол, ерік жігері мықты, патриот, жан – жақты дамыған, сауатты, саналы адамзат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Сондықтан жастарды әлеуметтендіру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының ең көкейтесті мәселесінің бірі. Болашақ-жастардың қолында болғадықтан, жастардың әлеуметтенуінің маңызы үлкен.

Әлеуметтендіру дегеніміз жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек, жас ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріліп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, дағды - ісмерліктерді және біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделерді, құндылықтарды, дүниетанымдық тағылымдар мен салт - дәстүрлерді, әдет - ғұрыптар мен жөн - жоралғыларды, адамгершілік пен мінез - құлық нормаларын меңгерту арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік - экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рөлдер жүйесіне қосу.

Әлеуметтендіру түсінігі әр түрлі: философия, психология, педагогика, әлеуметтану, саясаттану сияқты әлеуметтік ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Әлеуметтік мәселелер отандық және шетелдік ғылымда бұрыннан зерттелуде және олар барынша тұрақты теориялық дәстүрлерге сүйенеді және «әлеуметтендіру» термині әлеуметтік және философиялық әдебиеттерде полисемантикалық және көпқырлы деп сипатталады. Әлеуметтендіру үдерісін Т. Парсонс адамның әлеуметтік жүйеге шоғырлануы мен оған бейімделу үдерістерін суреттейтін қоғам қызметінің ашық әлеуметтік теория шеңберінде қарастырған.

Әлеуметтендірудегі негізгі мәселе әлеуметтік жүйеге аяқ басқан тұлғаны жалпыға бірдей құқықтық стандарттар мен тұрақты құндылықтарға бағыттау болып саналады. Сонымен қатар қоғамдық үдерістердің пайда болуы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік жүйенің маңызды жүйесі ретінде әлеуметтендіру үдерісіне талдау жасай отырып Т. Парсонс құрал ретінде «статус-рөл» кешенін қолданды. Осындай тәсілдегі жүйенің өзі өзара байланысқан әлеуметтік статустар мен әлеуметтік рөлдері институтциоланған құрылым ретінде көрсетеді. Әлеуметтендіру арқылы қоғамдық әлеуметтік жүйесін қалыптастыра отырып, өздерінің әлеуметтік құрылымдарын сақтайды, әлеуметтік эталондарды, таптаурындарды, сондай-ақ рөлдік мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады.

Әлеуметтендіру бойынша Н. Смелзер өзінің «Социология» деген еңбегінде әлеуметтенудің алғашқы және соңғы түрлері: ол балалық шақ жасөспірімдік және жастық шақ; және одан әрі жалғасқан немесе пісіп жетілген әлеуметтену түрлері: ер жету мен қарттық кезең. Көбіне әлеуметтендіру үдерісі ұзақ уақыт бойы балалық шақ пен жастық шақты қамтиды деп есептеліп келген [1].

Әлеуметтену процесіне бірнеше негізгі факторлар әсер етеді. Олар: мегафакторлар, макрофакторлар, мезофакторлар және микрофакторлар . Әлеуметтендіру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік кемелденуі. Бұл міндеттердің шешімі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Соның ішінде, сыртқы ортаның қайшылықтары баланың бойында дамып келе жатқан ішкі қарсыластық күшіне сай келуге тиіс. Адамның орталыққа ұмтылыс күші, сыртқы мәдениеттің жерінен әлдеқайда басым болуы қажет, сонымен қатар, оның жаңа ағымын үздіксіз сезінуі керек.

Әлеуметтік бейімделу (адаптация) индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, ал әлеуметтік кемелдену өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру, тәртіптің қарым-қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі туралы пікірі, өз-өзіне баға беруі. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік кемелдену міндеттерінің шешімі: егер, ізгілікті орта болса, «барлығымен бірге болу» және «өзімен өзі болу» мотивтерімен, уәждік қажетсінумен реттеледі.

Адамды әлеуметтендіру нәтижелері әлеуметтік белсенділік, адамның әлеуметтік қарым-қатынасы байланысында көрініс беретін әрекетшілдігі.

Әлеуметтендірудің көрсеткіштері: әлеуметтік ортаға бейімделу, әлеуметтік дербестік және әлеуметтік белсенділік. Әлеуметтендірудің көптеген тұжырымдамаларын талдау, олардың барлығын осы аталған позициялардың, ұстанымның біріне жақындайды, олардың өзі адамның әлеуметтендіру жүйесіндегі орнын түсінуі. Біріншісі, адамның әлеуметтендіру жүйесінде моральдық позициясын ұстанады, ал әлеуметтендірудің өзін адамның қоғамға бейімделу кезеңі ретінде қарастырады, әрбір мүшені өзіне тән мәдениетіне қарай қалыптастырады. Мұндай көзқарасты субъект — объект деп қарауға болады (қоғам объективтік әсер, ал адам —оның объектісі). Бұл пікірдің басында Э. Дюркгейм және Т. Парсонс тұрды [2].

Екінші жағынан, адам әлеуметтендіру кезінде белсенді түрде қатысып қоймай, қоғамға да бейімделеді, өзі өзіне, өмірдегі жағдайларға да әсерін тигізе алады. Бұл көзқарасты «субъект-субъект» деп атауға болады. Бұл екінші позицияны Ч.Кули және Д.Г.Мид ұстанды[3] .

Балалар, жасөспірімдер, жастар өзара қарым-қатынаста, әлеуметтену кезінде олардың дамуларына азды-көпті әсер ететін түрлі жағдайлардан өтеді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп атайды. Біршама зерттелген ғылыми еңбектерде әлеуметтендірудің жағдайлары мен қозғаушы күштерін төрт топқа біріктіреді .

Әлеуметтендіру үдерісінің бағыттарын бірнеше блоктарға бөлуге болады: *азаматтық – құқықтық бағыт, социомәдениеттік бағыттылық, жалпы интеллектуалдық бағыттылық*. Мысалы, социомәдениеттік бағыттылыққа жататындар:

– Гендерлік тәрбие және отбасылық өмірге бейімдеу – еркек пен әйел жаратылыстарының өмірлік мәні туралы білімдері мен түсініктерінің, оларға тән жағымды қасиеттер мен мінез-құлық белгілерінің жүйесі, түрлі жыныс өкілдерінің физиологиялық, психологиялық және этикалық ерекшеліктерін аша білу; отбасы қатынастарының этикасы мен психологиясын білу.

– Рухани – адамгершілік мәдениет – адамгершілік мінез-құлық бойынша білімдер, біліктіліктер мен дағдылар, нормалар мен құндылықтардың жүйесі. Ол тұлғаның бағдарларын, мүдделері мен қызығушылықтарын, оның рухани келбеті мен өмір салтын айқындайды.

– Этникалық мәдениет – адамның өз мәдениетіне ене білу және оған ықпал ете білуі бойынша білімдер, біліктіліктер мен дағдылар, нормалар мен құндылықтардың

жүйесі; оның өз халқының тарихымен, мәдениетімен, ана тілімен, дәстүрлерімен етене жақын болуы.

– Көпэтникалық және көпконфессиялық орта жағдайындағы толеранттылық және этносаралық мәдениет – түрлі көзқарастағы, түрлі құндылық бағдарын ұстанатын, мінез-құлық стереотиптеріне ие адамдар арасында гуманистік қарым-қатынасқа қол жеткізетін білімдер мен наным-сенімдер жүйесі және саналы түрдегі тұлғалық қарым-қатынасқа дайындық[4].

Тұлғаның өз алдында бөлектенуі (автономизация) тенденциясы әлеуметтенудің жүру барысында меңгерілген әлеуметтік байланыстар жүйесі мен тәжірибені жандандыру ғана емес, сонымен бірге жаңа тұлғалық, дербестік тәжірибенің де пайда болуына алып келетін өзін-өзі дамыту және өзін-өзі толық жүзеге асыру үдерісі деп қарауды негіз дейді. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы — рухани, денелік және әлеуметтік үйлесімге қол жеткізуді жүзеге асыру, яғни өзінің рухани және денелік мүмкіндіктерін саналы сезінумен байланысты ішкі еркіндіктің байқалуы.

Әлеуметтік типке ену мен автономдылыққа (бөлектенуге) ұмтылу тенденциялары бір жағынан әлеуметтік ортаның, қоғамдық өмірдің өзін-өзі жаңартуын, екінші жағынан — тұлғаның әлеуетін, нышандарын, қабілеттіліктерін дамыта отырып, руханилығы мен субъектілік жаңғыртуды қамтамасыз ете отырып, тұрақтылығын сақтайды.

Әлеуметтену мағынасы адаптация, интеграция, өзін-өзі дамыту, өз мүмкіндігін толық іске асыру үдерістері негізінде анықталады. Олардың диалектикалық бірліктері адамның бүкіл өмірінде қоршаған ортамен өзара әсерлесе отырып, тұлғаның тиімді дамуын қамтамасыз етеді.

Адам бүкіл өмірінде жаңа әлеуметтік тәжірибені меңгереді, сонымен бірге қоршаған ортаға әсер ете отырып, қандай да бір әлеуметтік қатынастарды жаңғыртады.

Бұдан көрініп тұрғандай, жас адамның адам ретінде қалыптасуы оны дұрыс тәрбиелеудің, оған терең білім берудің, белгілі бір кәсіпті меңгертіп, дағды - ісмерлікке баулудың нәтижесінде оны белсенді түрде әлеуметтендіріп, қоғамдық өмірге саналы азамат ретінде ендірудің жемісі болып табылады.

Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады деген А.Н. Леонтьевтің сөзіне менде қосыламын. Мұның басты мағынасы тұлғаны қоғамда қалыптастыруымыз керек. Қалыптасуымыздың жетекші және анықтаушы бастауы – тәрбиелеу. Ал, тәрбиелеу ең алдымен әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты – отбасынан басталады. [5].

Отбасы адамзат тарихының ерте кезеңінен бастап әлеуметтендіру жүйелерінің ішінде басым бөлігін алып отыр. Бүгінде отбасын қоғамның басқа институттарымен салыстырғанда, көптеген қиындықтарға қарамастан балаларды әлеуметтік құндылықтар мен рөлдерге баулайтын бірден-бір институт болып саналады.

Оның тәрбиелік функциясының тиімділігін төмендегідей факторлар арқылы анықталады:

- отбасындағы адамгершілік-психологиялық микроклиматына;
- отбасының әлеуметтік және материалдық мәртебесіне;
- отбасы мүддесі мен қажеттілігі арасындағы қарамақайшылықты шешу, яғни ата-ананың жұмысбастылығы, соның ішінде көбінесе – анасының жұмысбасты болуына;
- балалармен қарым-қатынастағы әкенің рөлі және т.б. жағдайларға байланысты.

Отбасының әлеуметтенуіне ықпал ететін тағы бір жайт, ол сол халықтың тарихи өткені мен ата-бабаларының отбасылық салт-дәстүрлері, бүкіл қоғамның дамуы мен таза биологиялық және әлеуметтік сипаттары. Өмірге бала әкелу – бұл тек қана жай ұрпақ жалғастығы емес, сонымен қатар бір ұрпақтың жаңа ұрпақпен әлеуметтік орын ауысуы. Яғни, әрбір жаңа буын, тікелей ұласу мен отбасының өмір сүру салты арқылы аға буын ісін жалғастырып отырады. «Ата-аналар балаларының бойына өздерінің физикалық және адамгершілік қасиеттерін сіндіреді, бұл балалық-жасөспірімдік кезеңдегі әлеуметтендірудің негізгі көзі болып табылады, демек отбасылық ортаны тұлға ассимиляциялайды». Жалпы отбасы жас ұрпақтың өсіп-өнуіне және әлеуметтенуіне зор

ықпал етеді. Осы отбасында аға буын өз ұрпағын тәжірибелерімен, қалыптасқан салт - дәстүрлерімен таныстырып, отбасындағы жас ұрпақтың әлем туралы түсінігінің қалыптасауына ықпал етеді. Осы аталған тәжірибелік іс-қимылдарды жалпыға бірдей құндылықтар мен қалыптасқан стандарттарға сәйкес жүргізеді. Отбасында қажетті әлеуметтік дағдылар, әлеуметтік мәдени ережелер мен тәртіптер, мінез-құлықтың негізгі таптаурындары игеріледі, эмоционалды ерекшеліктер қалыптасады, сыртқы әлеммен қарым-қатынас пайда болады. Отбасы институтының үйлесімді құрылуы осы функциялардың жақсы орындалуына ықпал етеді.

Отбасы тұлғаның танымдылық жолын, еңбек жолын, тәрбие беруді реттеп отырады. Әке мен ананың мінез - құлқы мен олардың бала тәрбиесіндегі рөлі отбасының мәртебесін арттыруда үлкен қызмет атқарады. Бала үшін әке мен ана ғана үлгі бола алады. Ата-аналар мен балардың қарым-қатынасы дегеніміз – ұрпақтар ынтымағы. Мұндай қарым-қатынас, бір жағынан, баланы өзін қоршаған көпшіліктің құрметіне бөлесе, екінші жағынан, баланы сол көпшілікті құрметтеуге үйретеді. Десек те отбасы институтының басты міндеттерінің бірі – бала, ұрпақ тәрбиесіндегі орны мен рөлін үнемі көтермелеп, қолдап отыру. Өйткені өмірге жаңадан қадам басқан әрбір баланың, әрбір жаңа ұрпақтың өмірден өз орнын тауып, дұрыс қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты. Отбасы өзінің ұрпағына қоғамда жинақталған мәдени мұраны, материалдық және рухани құндылықтарды табыс етуші қызметін атқара отырып, оларды толық әлеуметтендіреді, яғни қоғамдық өмірге толық әлеуметтеніп, тұлғалық және адамгершілік қадір - қасиеттері қалыптасқан, өмір сүруге әзір азаматтар етіп қосып отырады.

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзі: баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады[6].

Қазіргі заманда отбасындағы тәрбиенің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің бірін – бірі түсінушілігіне, өзара қарым – қатынасына, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Қазіргі кезде көптеген ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударып, тәрбие үдерісінде теріс қылықтарды болдырмаудың жолдарын іздестіруде. Алайда, отбасындағы теріс қылықтарды, теріс әрекеттерді тудыратын негізгі факторлар: отбасындағы ата – аналар тарапынан үстемдік жағдайлар, яғни ата – аналардың балаларының өз бетімен іс – әрекет жасауына жол бермеуі, өз өміріне немесе отбасына байланысты бірде – бір мәселені шешуге, үй кеңесіне қатыстырмау. Осының нәтижесінде бала отбасында болып жатқан әлеуметтік өмірге, еңбекке, білімге, мәдениетке байланысты мәселелерге қатысты сыртта қалады. Бұл жағдай баланың танымдық қабілетінің дамуына, рухани және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бөгет жасайды.

Мінекей, осыдан девиантты мінез – құлықты балалардың пайда болып отыр. Ал, қоғамда девиация – әлеуметтік – педагогикалық проблема. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін – өзі қалай қстай білу керектігін үйренеді, жағымды және жағымсыз мінез – құлықтарды, отбасы мүшелерінің өмірге, еңбекке көзқарастарын, өзара қарым – қатынастарын байқайды. Сондықтанда отбасында тәрбие үдерісін шебер басқару үшін ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Отбасы қоғамның элементарлы құрылымы ретіндегі алғашқы әлеуметтік бөлігі болып табылады. Отбасы қажеттілігі мынандай жағдайлармен сипатталады: отбасы тәрбиесі өзінің сипаты жағынан эмоционалды, өйткені байланыстырушы ата – ананың балаларына деген махаббаты, балалар тарапынан да сондай сезімдердің болуы, отбасы

кіші микроорта ретіде баланы біртіндеп қоғамдық ортаға бейімдеу қызметін атқару. Отбасы қызметіне ғалымдар көзқарасы әртүрлі. Қазақстандық әлеуметтанушылар М.Тәжін мен Аяғанов өз зерттеулерінде: «Қазіргі қоғамдағы отбасының негізгі қызметі: дүниеге адам әкелу, әлеуметтендіру, есею геніне дейін көмек беру» деп көрсетеді.

Ресей ғалымы И.В. Гребенников отбасының бес қызметін ұсынады: ұрпақ жалғастырушылық қызмет, экономикалық қызмет, тәрбиелік қызмет, қарым – қатынастық қызмет, бос уақытты ұйымдастыру және дем алу[7].

Отбасындағы тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауы 1.Өнегелі сөз, белсенді еңбектің болмауы; 2.Уақытты тиімді пайдалануға үйретпеу; 3.Отбасындағы ұрыс — керіс; 4.Баланың жеке мүмкіндіктерін ескеріп бағыт сілтемеу; 5.Баланың көзінше ішімдікке әуестену.

Өз тәжірибемде өткізген жұмыстарым бойынша алынған ата-ананың балаға ықпал ету әддістерін топтастыруды ұсынамын

Ықпал ету арқылы баланың сенімін нығайту. Нандыру, сендіру, ақыл-кеңес, нұсқау, қолдау, көтермелеу, дұрыс бағалау, пікірлес болу баланың өзіне сенімін нығайтады.Тежеу, күштеп істету, қақпайлау,басыну т.б Тартқыншақ, қорқақ, қулық, өтірік, жалтақ, жігерсіз болуына себепші болады. Ықпал ету, қуаныш сезімін ояту , мадақтау, мақтау, демалысын ұйымдастыру т.б. Өзіне сенімді, батыл тұлға болуына бірден – бір оңтәрбиеелудің оңтайлы тәсілі.Теріс әрекетке түрткі болатын әдіс еркелету, балаға мән бермеу, бақылаусыз қалдыру, жәбірлеу, жеку, ұрсу, мазақ ету. Мұндай жағдайда бала бойында қырсықтық, өзімшілдік, жалқаулық, ұқыпсыз сияқты жағымсыз қасиеттер басым болады.

Ата –аналардың міндеті 1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармау; 2. Мектеппен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалау; 3.Балаға шектен тыс қамқорлық, не болмаса ерік жігерін жасытатын сөздер айтпау. Әр нәрсені өз ойымен өз бетінше шешетіндей жағдай тудыру; 4. Өзінің ойын, пікірін ашық, анық айтуға айқайламай, ұрыспай үйрету; 5. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсету; 6. Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбау.

А.С. Макаренконьң мына бір пікірін естен шығаруға болмайды.

Ол «Тәрбие жұмысының дәл мәні...Сіздің баламен тіпті көзбе-көз әңгімелесуіңізде емес, сіздің балаға тікелей әсер етуіңізде емес, ол сіздің өз отбасыңызды ұйымдаструыңызда, сіздің жеке және қоғамдық өміріңізді және бала өмірін ұйымдастыра білуіңізде», - деп жазды[8]. Әлеуметтендірудің сәттілігі – тұлғаның қоғамға бейімделуі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Смелзер Н. Социология,Феникс Москва 1994. ББК 36.84 с 50
2. Парсонс Т. Система современных обществ- М., 1998. - 270 с.
ДюркгеймЭ. Социология образованияДирект-Медиа, 2007. - 115 с
3. Чарльх К. Концепция Зеркального Я
Джордж М. Философиянастоящего Мида Mead G.H. Philosophy of the Present. Chicago, 1932)
4. Әтемова Қ. Әлеуметтік педагогика А., 2012,- 272б.2
5. Леонтьев Деятельность. Сознание. Личность М.: Смысл, 2005.
6. Құнанбаевтің Жетінші қара сөзі
7. Гребенников И.В. Основы семейной жизни М.: Просвещение 2005. С. 130
8. Макаренко А.С. Правильно воспитывать детей. Как? М.: АСТ, 2013. - 320 с
9. Назарбаев Н.А.Қазақстан – 2050 стратегиясы: Бір халық, бір ел, бір тағдыр // Түркістан. – 2014. – 23 қантар. 25 бет

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153